

«Келісілді»

«Шығыс Қазақстан облыстық  
орман шаруашылығы және  
жануарлар дүниесі аумақтық  
инспекциясы» РММ басшысы м.а  
*С.К. Китапбаев* Китапбаев С.К.

« \_\_\_\_\_ » 2020ж

«Бекітемін»

ҚР ЭГЖТРМ Орман шаруашылығы  
және жануарлар дүниесі комитетінің  
төрағасы

*Қайнарбеков А.К.*  
« *26* » « *қазан* » 2020ж

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі  
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің  
«Батыс - Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» РММ

№5 «Обаның дөңгелеуі»  
туристтік-экскурсиялық бағытының  
ПАСПОРТЫ



Паспорт 2020 ж. жасалды.

Паспорттың даналары жіберілді:

1. ҚР ЭГЖТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
2. ШҚО ОШЖД аумақтық инспекциясы

Риддер қ



# маршрут «Убинские перекаты»



бағыттың аяқталуы  
конец маршрута

16,8 км

кордон  
«Каменушка»

руч. Безымянка (Тайжыны)  
р. Каменушка

р. Чёрная Уба

руч. Попова

кордон  
«Платониха»

руч. Новодёржин (Платониха)

р. Чёрная Уба

руч. Амели

бағыттың басталуы  
начало маршрута

кордон  
«Черноубинский»

р. Ейремова (Линейная)



### Шартты белгілер Условные обозначения

- гидрография
- гидрография
- жолдар
- дороги
- «Убинские перекаты» бағытындағы жол
- дорога маршрута «Убинские перекаты»
- кордондар
- кордоны
- шолу алаңы (фотозоналар)
- смотровые площадки (фотозоны)
- ауыз су көзі
- источник питьевой воды

МАСШТАБ 1:50000 (в 1 см 500м)

## Бағыттардағы қауіпсіздік шараларының шартты белгілері Условные обозначения по технике безопасности при нахождении на маршрутах



**Тік еңіс.** Жорыққа қатысушылардың барлығы ұйымшылдықпен бір қатарда жүрулері керек. Ең әлсіз туристке тең келетін бір қарқынды сақтау маңызды. Бір-бірінен 2 м қашықтықты сақтау керек. Ерекше тік еңісі бар жерлерде ерекше сақ болу керек, көтерілу мен түсу кезінде басқаларға көмектесу керек.

**Крутой склон.** Все участники похода движутся организованной колонной. Важно соблюдать единый темп, равняясь на самого слабого туриста. Нужно держать расстояние 2 м между друг другом. В местах с особо крутым склоном нужно быть особо аккуратным, помогать другим на подъемах и спусках.



**Бұлақ. Ауыз су көзі.** Суға мұқият жақындауға тырысыңыз - сүріну және тау ағынына құлау қаупі бар. Сіз кішкене жұтыммен ішуіңіз керек.

**Ручей. Источник питья.** Старайтесь аккуратно подходить к воде - есть риск оступиться и упасть в горный ручей. Пить нужно небольшими глотками.



**Қорым тастар.** Жартастардың сынықтарында жүруге арналған аяқ киімнің табаны қатты болуы керек. Кішкентай және орташа қорым тастармен жүру кезінде тұрақтылық үшін дененің тепе-теңдігін сақтауға көмектесетін таяқтар қажет. Үшкір тастармен баяу жүру керек. Сонымен қатар, өтуге қолайлы аумақтарды тандау үшін бірнеше метр алға қараңыз.

**Каменные россыпи.** Обувь для хождения по осколкам скал обязательно должна иметь жесткую подошву. Но для большей устойчивости при ходьбе по мелким и средним курумам необходимы палки, которые будут помогать удерживать баланс тела. Ходить по остроконечным камням следует плавно. При этом смотреть на пару метров вперед, чтобы выбирать подходящие участки для прохода.



**Гранит қалдықтары.** Жарақат алу оңай болатын жер. Жартасты жотаға шығуға тырыспаңыз - құлап кетуіңіз мүмкін.

**Гранитные останцы.** Место, где легко получить травмы. Не пытайтесь залезть на скальную гряду - можно сорваться.



**Батпақты аймақ.** Батпақпен өтетін жерлер. Оларды өту үшін сізде етік болуы керек. Бір-бірінен 2-3 метр қашықтықта топ болып жүру керек. Әрбір қадам мұқият болуы керек, қадамды сезінуге тырысыңыз - құлау қаупі бар.

**Болотистая местность.** Проходимые болотистые места. Чтобы их преодолеть нужно иметь сапоги. Нужно идти группой на расстоянии друг от друга 2-3 метра. Каждый шаг должен быть аккуратным, стараться чувствовать поступь - есть риск упасть.



**Сарқырама.** Ауыз су көзі. Жартастың шетіне дейін барудың қажеті жоқ - құлау қаупі бар. Су ағынының астында тұрудың қажеті жоқ - сізді су алып кетуі қаупі бар, жарақат алып қалуыңыз мүмкін.

**Водопад.** Источник питья. Не нужно походить к краю обрыва - есть риск сорваться. Не нужно вставать под поток воды - вас может снести, получите травмы.



**Бөрене өткелі арқылы тау бұлағын кесіп өту.** Дайындалған өткел екінші жағында болуға мүмкіндік береді. Бөренені бір-бірден, баяу қарама-қарсы жаққа кесіп өту керек. Әрбір қадамды сезінуге тырысыңыз - тепе-теңдікті сақтаңыз. Бөренені кесіп өту кезінде құлау қаупі болса, арқан қоршауын тарту керек. Ол үшін бір адам екінші жағына жеңіл киініп өтіп, арқанды тартады. Ең тәжірибелі турист ең соңғы болып өтеді. Ол арқандарды қарсы жағадан жұлып алатындай етіп байлап, өзі өзеннен өтеді.

**Переправа через горный ручей по бревну.** Подготовленная переправа даст возможность оказаться на другом берегу. Переправляться по бревну на противоположную сторону нужно по одному, не торопясь. Стараться чувствовать каждый шаг - сохранять равновесие. Если при переправе по бревну возникает малейшая опасность падения, необходимо натянуть веревочные перила. Для этого один человек налегке переходит на другой берег и натягивает верёвку. Последним переправляется самый опытный турист. Он перевязывает веревки так, чтобы их можно было выдернуть с другого берега и переходит сам.

**№5 «Обаның дөңгелеуі»  
туристік-экскурсиялық бағытының  
ПАСПОРТЫ**

1. **ЕҚТА атауы:** «Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
2. **Бағыт атауы:** «Обаның дөңгелеуі»
3. **Бағыттың топтастырылуы:**
  - мақсаты бойынша: туристік-экскурсиялық
  - қозғалу тәсілі бойынша: аралас, автомобильдік, велосипедті.
  - қолдану кезеңі бойынша: мезгілдік
  - ұйымдастыру түрі бойынша: топтық
4. **Басты географиялық мекендер атауы:** Риддер қ – А9автомобиль жолы «Риддер – РФ шекарасы» - «Ақ Оба» кордоны - Линейский асуы - «Қара Оба» кордоны – Қара Оба өзені – «Платониха» кордоны - «Каменушка» кордоны – Риддер қаласына оралу (А9«Риддер – РФ шекарасы» тас жолы бойынша).
5. **Бағыттың ұзындығы:**
  - Жалпы – 150 км
  - Көлікпен жүру бөлігі – 133,2 км
  - Велосипедпен жүру бөлігі - 16,8 км**Бағыттың ұзақтығы:** 8сағат34 минут (велосипедпен жүру бөлігі–3 сағат8 минут, көлікпен жүру бөлігі – 3сағат 50 минут, аялдама/демалыс – 1 сағат 36 минут).
6. **Бағыттың жұмыс істеу мерзімі:** маусым айынан қазан айының басына дейін (бастапқы және соңғы мерзімдер климаттық жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін).
7. **Топтағы максималды адам саны:** 8 адам (Шектеу соқпақтың сыйымдылығымен, психологиялық жайлы шегімен, рекреациялық жүктеме нормаларымен байланысты.) Бағыт топырақты ескі ағаш таситын жолмен өтеді, ол өртке қарсы және табиғат қорғау мақсатында қолданылады. Бағыт тек жолдың бойымен өтеді, сондықтан қорықтың ерекше бағалы аумақтарын қамтымайды және топырақты, өсімдікті жамылғыға жүктеме түсірмейді.

Апталық лимит: аптасына 3 топтан көп емес
8. **Ішкі экскурсиялық мезгілде әр түрлі кезең бойынша рұқсат етілген рекреациялық жүктеме:** тұяқты жануарлардың көктемгі және күзгі қоныс аударуы маусымында бағытқа шектеу қойылады.
9. **Бағытты экскурсия жетекшісінің жүріп оту мүмкіндігі:** тек қана қорық қызметкерлерімен.

**Керекті жабдықтар мен киімдер:** экскурсия қатысушыларында келесі жабдықтар болу керек:

*Жеке-* ыңғайлы киім, мықты аяқ- киім, жаңбырдан қорғайтын жамылғы, жеке ыдыс, жәндіктерден қорғайтын құрал.

*Топтық-* тұрмыстық қалдық үшін қаптар.

Арнайы- дүрбілер, көзілдіріктер.

*Велосипед, велосипедтік қорғаныс жабдықтар (арнайы бас киім, тізеқап, қолғаптар, шынтак таяныш), велосипедке арналған жөндеу жинағы (сорғы, кілттер).*

#### **10. Бағыттағы жүріс-тұрыстың ерекше ережелері:**

Бағыт 13 жастан жоғарғы адамдарға есептелген, денсаулықтары жақсы және веложүктемені көтере алатындарға. Медициналық көрсеткіштерге байланысты «далалық» жағдайларда және физикалық жүктемелер тыйым салынған адамдарға осы бағыттан бас тартулары керек. Велосипедпен жүру кезіндегі қауіпсіздік шараларын және экскурсия кезіндегі жүріс- тұрыс ережелерін сақтау қажет.

**Жануарлармен кездескен кезде: Егер жануарды алыстан көрсеңіз, оған жақындамаңыз.**

*Қабанмен кездесіп қалғанда.* Әдетте қабандар аздаған табынмен жүреді, жалғыз сирек кездеседі, сондықтан қабанды көрсеңіз, жақын жерде тағы қабандар болуы мүмкін екенін естен шығармаңыз. Жолыңызда ересек қабанды немесе торайларымен ұрғашысын байқасаңыз, олардан алыс кетіп, жабайы жануарларға жол бере салыңыз. Қабан қауіпті сезе қоймайынша өзі шабуылдамайды, егер де сіз оған тап беріп, қорқытпасаңыз. Егер қабан немесе ұрғашысы шабуылға шығуды шешсе, ол тек турасынан баратынын білу қажет, осы себептен дұрыс шешім болып, бір ағашқа тығылып қалу, жайлап ары таман кетіп қалу дұрыс болады. Жиі шабуылдың себебі балаларын қорғаштау болып табылады.

*Бұланмен кездескенде.* Бұлан негізінде алыстан адамды байқағанда бір орнында қатып қалады. Бұл жануар адамды жай ғана жанынан өтіп кетеді деп үміттенеді. Адам бұланды байқамай, тіпті өте жақын келіп қалғанда, ол қашып кетуге тырысады. Бұланмен кездесіп қалғанда бір орнында қатып қалып, қозғалмай тұру керек, шапшаң қимылдар жасамау керек, қашуға умтылмау керек. Адамды тыныш күйінде көріп, бұлан қауіпті сезінбей, біраз уақыттан соң қашып кетеді.

*Аюмен кездескенде.* Егер аюды көрсеңіз, тез арада кетіп қалуға тырысыңыз. Егер де аюмен қайткенде де кездесіп қалсаңыз, сабыр сақтаңыз. Көп аюлар (кірекей- ұрғашы аю) азықтарын, қонжықтарын немесе жеке кеңістіктерін қорғауға тырысады. Сіз көлбеуінен артқа қарай ақырындап жылжып көріңіз, бірақ аю сіздің артыңыздан жүргенде, тоқтаңыз, орныңыздан қозғалмаңыз. Аюдан қашуға болмайды, егер ол артыңыздан қуаласа, ол сізге тез жетіп алады, ал оның соңы қайғылы жағдайға алып келеді.

#### **11. Қауіпсіздік шаралары:**

- бағыт бойынша қозғалыс кезінде топтан артта қалуға тыйым салынады
- қауіпті тәсілдер мен басып озуға тыйым салынады
- бағыт бойынша ілестіруші адамның артынан велосипедпен епті және асықпай жүру қажет (шалшық пен тастарды айналып өту). Тік құлама жерлерде, бұрылыстарда жылдамдықты азайтып, тоқтау қажет. Бұлақтардың алдында тоқтау керек.
- нашаркөріну жағдайында, жаңбыр кезінде бағыт бойынша қозғалуға тыйым салынады.

## 12. Бағытты жүріп өтудің жоспары:

№ п/п	Бағыт учаскесі		км	Жүру уақыты	Аялдау уақыты	Аялдау орны
	бастап	дейін				
<b>Көлікпен жүру бөлігі</b>						
1	Риддер қ	«Ақ Оба» кордоны	44,3	1 сағат	10 мин	
2	«Белая Уба» кордоны	ө. Қара Оба (жол торабы)	13,9	35 мин	5 мин	
Барлығы:			58,2	1 сағат 35 мин	15 мин	
<b>Велосипедпен жүру бөлігі</b>						
3	ө. Қара Оба (жол торабы)	сортаң	0,5	5 мин	1 мин	ША-1
4	Сортаң	Өртке қарсы су қоймасына бұрылыс	3,1	28 мин	10 мин	ША-2
5	Өртке қарсы су қоймасына бұрылыс	«Платониха» кордоны	3,5	25 минут	5 минут	ША-3
6	«Платониха» кордоны	көрініс 1	5,4	1 сағат 14 мин	5 минут	ША-4
7	Көрініс 1	Көрініс 2	0,7	14 минут	5 минут	ША-5
8	Көрініс 2	Көрініс 3	0,3	5 минут	5 минут	ША-6
9	Көрініс 3	Шоқы	0,7	13 минут	10 минут	ША-7
10	Шоқы	«Каменушка» кордон ы	2,6	24 минут	30 минут	ША-8
Барлығы:			16,8	3 сағат 8 мин	1 сағат 11 минут	
Барлығы велосипедпен жүру бөлігі 4 сағат 19 минутты құрайды аялдамалар мен демалуды есептегенде (соның ішінде «Каменушка» кордонында )						
<b>Көліктік бөлігі</b>						
11	«Каменушка» кордон ы	«Белая Уба» кордоны	30,7	1 сағат 15 мин	5 мин	
6	«Ақ Оба» кордоны	Риддер қ	44,3	1 сағат	5 мин	
Барлығы:			75	2 сағат 15 мин	10 мин	
<b>Барлығы:</b>			<b>150</b>	<b>6 сағат 58 мин</b>	<b>1 сағат 36 мин</b>	
көлік			133,2	3 сағат 50 мин		
велосипед			16,8	3 сағат 8 мин		
<b>Бағыттан өтудің жалпы уақыты (аялдамаларды және демалысты ескере отырып) – 8 сағат 34 минут</b>						

#### 14. Бағыттың қысқаша сипаттамасы:

Бағыт Батыс- Алтай қорығы аумағының солтүстік бөлігінде орналасқан. Бағыт жолы топырақты (табанды түрінде). Жолда көптеген шалшықтар кездеседі (жауыннан кейін), жиі жылғалар ағады. Велосокпак Қара Оба өзенінің аңғарымен өтеді, олар Линейский және Көксе жоталары арасында орналасқан. Қорық құрылғанға дейін 1992 жылы бұл жерде белсенді түрде шаруашылық қызметі жүргізілді, оның ішінде ағаш кесу, осы жолмен сүрек тасыды. Жол инспекторлық құраммен өртке қарсы мақсатта, сонымен қатар кордондарға жету үшін және аумақ бойынша айналым жасау үшін қолданылады.

Бағыт жолында сортаң және пұт орналасқан, олардың ғылыми- танымдық құндылығы маңызды.

Бағыт бедері ортатаулық болып келген. Барлық оның ұзындығы бойында біртіндеп құлама (1 сурет) байқалады, аздаған қысқа өрлермен кезектесіп отырады. Бағыт басының биіктігі (айырық орнында) – теңіз деңгейінен 1345 метр, бағыт соңының биіктігі («Каменушка» кордоны) – теңіз деңгейінен 1091 метр. Бағыт трассасының бедері велосипедпен жүруге ыңғайлы. Бағыт ұзындығы (16,7 км) велосипедпен жүру үшін шамаға шақ және ыңғайлы ара қашықтық болып табылады.



1 сурет – «Обаның дөңгелеуі» бағытының велосипедті бөлігінің бедерінің сызбасы

Бағыт төңірегі дамыған гидрографиялық желімен сипатталады. Бағыттағы ең басты бақылайтын нысан, қорықтың ең ірі өзендерінің бірі- Қара Оба, өзінің бастауын теңіз деңгейінен 2120 м биіктіктегі «Гульбище» батпағынаналады. Бағыттың басында өзен аңғары өте жұмсақ. Өзеннің ирелең сипаты, кең батпақтанған бұталы- орманды алқабы бар. Арнасы тасты, қабаты- малтатасты, қой тасты. Новздеркин (Платони́ха) бұлағының құйылысында аңғары тарылады, еніс үлкейеді, өзен таулы сипатқа ие болады. Қара Обаның ірі салалары, бағыттың көру шегінде Новздеркин (Платони́ха) бұлағы, Попов бұлағы, Безымянка бұлағы- сол жақтағы салалары, бастауларын Линейский жотасынан алатындар. Ірі оң саласы- Каменушка өзені, бастауын Көксе жотасынан алады.

Сулы ресурстардан басқа қорықтың басты байлығы орман болып табылады. Бағыттың көп бөлігінің өсімдігі- күңгіртқылқанды ормандардың таулы- тайгалық белдігі. Бағыттың жерінде қалың тайганы, кедірлі- самырсынды орманды, күңгіртқылқанды тайганы көруге болады, тағы қайыңдар кездеседі.

Таулы, сулы және орманды ландшафттар, Қара Оба аңғарының табиғи нысандары Батыс-Алтайдың алуантүрлілігі мен байлығын ашып тұр, қорықтық аумақтың табиғатқорғау құндылығын, танымдық және көркемдік тартымдылығын анықтайды.

Табиғаттағы велосипарлар бүгінде өзекті болып, танымалдылыққа ие болып отыр, оның ішінде экологиялық туризмде. Ормандағы мұндай велосипедпен серуендеу велотуризмге жатады, біздің жағдайда туристік- экскурсиялық болып тұр. Бұл уақытты жақсы өткізудің бір тәсілі және де табиғаттағы белсенді демалыстың бірі, ол арқылы тек оң әсер алып қана қоймай, өзіңнің дене пішініңді де тартыңқырап, денсаулығыңды жақсартуға болады. Ал ең бастысы, велосипедпен серуендеу қоршаған ортаға қауіпсіз болып табылады.

#### **15. Шолу алаңдары мен бағыт бойынша қарап шығу нысандарының қысқаша сипаттамасы:**

Қатысушыларды жинау орны мен бағытқа жылжу нүктесі- Риддер қ., Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының әкімшілік ғимараты. Осы жерде көлікке велосипедтерді жүктеу жүргізіледі.

Риддер қаласынан көлікпен А9 «Риддер- РФ шекарасы» автотрассасы арқылы «Ақ Оба» кордонына дейін жетеміз.

Трассаның топырақты жамылғысы бар. Трассаның ені кей жерлерде 12 метрге дейін жетеді. Аздаған көтерулер және 12% орташа еңіспен құламалар бар.

Ары қарай «Ақ Оба» кордонынан трасса бойымен Линей асуы (теңіз деңгейінен 16036 м биіктікте) арқылы жолды кешеміз, асудан түсіп, Қара Оба өзені арқылы көпірмен жүре, көлік туристерді айырықтағы (солтүстік кордондарға бұрылыс) шлагбаумға жеткізеді. Туристер жүктерін түсіріп, көлік «Каменушка» кордонына кетеді.

**Бағыттың велосипедпен жүру бөлігі.** Велосипедтерді түсіргеннен кейін велосипедпен жүрудің техникалық қауіпсіздігіне және жануарлармен кездескен кезге байланысты нұсқаулық жүргізіледі. Айырықтағы шлагбаумнан велосипедті бағыт басталады, топырақты жолмен Қара Оба өзенінің бойымен «Каменушка» кордонына дейін. Велосокпақта көптеген шалшықтар және жылғалар бар және орманды алқаппен өтеді, көбіне бұл аралас және қылқанды орман.

Шлагбаум аймағында қорықтың шығыс бөлігіне шолу ашылады, мұнда Қара Оба өзенінің жоғарғы жағына және Холзун, Көксе, мен Линейский жоталарына көрініс ашылады. Сокпақ селдір тоғайдың ашық телімдерінен өтеді.

0,5 шақырымда сортаңды көруге болатын жер орналасқан- шолу алаңы ША-1.

Бағыттың 3,6 шақырымында суға өртке қарсы түсе беріс орналасқан, ол жерде тоқтап, Қара Оба өзеніне дейін серуендеуге болады. Жақын маңда ағаш бар, онда пішін (пұт) бейнеленген- шолу алаңы ША-2.

Бағыттың 7 шақырымында «Платониха» кордоны орналасқан, ол жерде бір демалып алуға болады. Бағыттан Новздеркин (Платониха) бұлағының аңғарына көрініс ашылады. Аңғар Қара Оба өзенінің басқа жағасында орналасқан- шолу алаңы ША-3.

«Платониха» кордонынан кейін велосокпақтың бедері төмендейді, бұлақтар жиі кездеседі. Қара Обаның панорамалық көрінісі қызықты бола бастайды, орман тайгалық

бола бастайды. Тағы да өзеннің аймағы бай қаралтым тайганың масштабы мен Линей жотасының сілемдерінің көрінетін баурайларын көруге болады.

12,5 шақырымда пейзаждық панорамалық орын бар- Шолу алаңы ША-4.

13,2 шақырымда пейзаждық панорамалық орын бар- Шолу алаңы ША-5.

13,5 шақырымда пейзаждық панорамалық орын бар- Шолу алаңы ША-6.

14,2 шақырымда ашық жер бар, онда Линейский жотасының тайгалық ормандарына және Қара Оба өзенінің алқабына көрініс ашылады. - шолу алаңы ША-7. Бұл жерді орындық және үстелмен жайластыру жоспарланған.

Велобағыттың (16,8) соңғы нүктесі Каменушка өз. арқылы өтетін көпір болып табылады және аттас кордон. «Каменушка» кордонында демалып, тамақтануға болады. 115 метрде Каменушка және Қара Оба өз. құйылу орны орналасқан, ол жерге дейін жаяу серуендеп келуге болады- шолу алаңы ША-8.

Ары қарай көлікке отырғызу соның ішінде велосипедтер жүктеледі.

Кері қайту- Риддер қаласына қайту сол трассамен «Ақ Оба» кордоны арқылы.

*Шолу алаңдары (ША) (Негізгі ұсынылатын экскурсиялық нысандар мен ақпарат):*

Велосоқпақтың басы солтүстік кордонға айырық ауданында орналасқан- Қара Оба өзені арқылы өтетін көпірден 300 метрде. Мұнда шлагбаум орналасқан. Қорықтың шығыс бөлігіне шолу, мұнда Қара Оба өзенінің жоғарғы жағына және Холзун, Көксе, мен Линей жоталарына көрініс ашылады.

*Ақпарат:* орографиялық, аймақтың гидрографиялық желісі; қорық аумағының климаттық ерекшеліктері; аймақтың тарихы; бүлінген табиғи кешендердің қалпына келуі; қорықтың шығыс шекарасын көрсету.

**ША-1-** (бағыттың велосипедті бөлігінің 05 шақырымы) трассадан солға 20 метрде сортаң бар.

*Ақпарат:* қорық аумағындағы ғылыми- зерттеу қызметі; биотехникалық жұмыстар; қорықтың жануарлар әлемі.

**ША-2-** ( бағыттың велосипедті бөлігінің 3,6 шақырымы) трассадан солға қарай өртке қарсы су қоймасына түсе беріс бар, Жақын маңда кедір орналасқан, онда пішін (пұт) кесілген.

*Ақпарат:* жергілікті жердің тарихы.

**ША-3-** (бағыттың велосипедті бөлігінің 7шақырымы) «Платониха» кордоны орналасқан. Мұнда Қара Оба өзенінің тармағын, Новздеркин бұлағының аңғарын көруге болады.

*Ақпарат:* жергілікті жердің тарихы; гидрографиясы; орман белдігіндегі өсімдіктердің құрамы.

**ША-4-** ( бағыттың велосипедті бөлігінің 12,5 шақырымы ) пейзаждық панорамалық орын бар- Қара Оба өзенінің күңгірт- қылқанды орманының алқабы. Фотоаймақ.

**ША-5-** (бағыттың велосипедті бөлігінің 13,2 шақырымы) пейзаждық панорамалық орын бар- Қара Оба өз. күңгіртқылқанды алқабы. Фотоаймақ.

**ША-6-** (бағыттың велосипедті бөлігінің 13,5 шақырымын)- пейзаждық панорамалық орын бар- Қара Оба өз. күңгіртқылқанды алқабы. Фотоаймақ.

**ША-7-** (бағыттың велосипедті бөлігінің 14,2 шақырымы)- шоқы деп аталатын ашық жер бар. Ол жерден Қара Оба өзеніне және Линейский жотасы баурайының күңгірт қылқанды алқабына көрініс ашылады.

*Ақпарат ША-4, ША-5, ША-6, ША-7:* қалың және күңгірт- қылқанды тайгаға шолу; төңіректің тарихы; төңіректің орографиясы және гидрографиясы.

**ША-8-** «Каменушка» кордоны. Жақында (115 м) Каменушка бұлағының Қара Оба өзеніне құйылу орны бар.

*Ақпарат:* жергілікті жердің гидрографиясы; қорықтың мемлекеттік инспекторларының жұмыс жағдайлары мен тұрмысын көрсету.

## **16. Бағыттың күрделі телімдерінің қысқаша сипаты**

Велосоқпақта шалшықтар өте көп, әсіресе бағыттың екінші жартысында. Кей жерлерде аздаған жылғалар кездеседі, сонымен қатар тік құламалар және өрлер.

## **17. Мүмкін болатын табиғи құбылыстар мен сол кездегі топтың іс-әрекеті:**

Ықтималды табиғи құбылыстарға аз мөлшерде жауған жауынды, бұршақты және қарды жатқызуға болады; 20-30 және одан да аз метрге жететін көру мүмкіндігімен төменгі бұлттылықты; қатты екпінді жел; осы ауданда жиі болатын найзағайлы құбылыстар.

### **Топтың іс- әрекеті:**

**Найзағайда:** орманды аймақта- бір- бірінен бірнеше метр қашықтыққа алшақтап орналасу; ұшар басы қалың аласа ағаштар арасында тығылу;

Ашық таулы жерде- бытырап орналасу, биік телімдерден кетіп қалу, мүмкіндігінше қозғалысты тоқтатып, төменгі, құрғақ телімдерде тығыла тұру.

**Көзбен көрерлік нашар болған жағдайда** тығыз топқа шоғырланып, соқпақ таңбаламасының белгілерін сақтау.

## **18. Жолдамаға ақпараттық парақшаның мәтіні үшін ұсыныстар:**

«Қара Оба» бағыты велосипедті экскурсияны ұсынады, ол 13 жастан жоғары жастағы адамдарға, денсаулықтары жақсы және веложүктемені көтеру қабілеті барларға есептелген. «Қара Оба» бағыты бойынша велоэкскурсия таулы, сулы және орманды ландшафтпен, Батыс-Алтай табиғатының алуантүрлілігі мен байлығын көрсететін Қара Оба өзенінің аңғарындағы табиғи нысандармен танысып, аралап қайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар велосипедті серуендеу оң эмоция мен әсер алуға мүмкіндік беріп, дене пішінін тартып, денсаулықты жақсартуға көмектеседі.

### **Бағыттағы жүріс-тұрыс ережелері:**

- Бағыттың трассасынан келіспей ауытқуға болмайды;
- Қорықтық тәртіптің талаптарын міндетті сақтау қажет;
- Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет;
- Санитарлық талаптарды сақтау қажет;
- Қозғалыс кезінде жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет;
- Ілесуші тұлғаның талаптарын міндетті орындау

**Қажетті киім мен құралдар:** экскурсия қатысушыларында келесі жабдықтар болу керек:

*Жеке-* ыңғайлы киім, мықты аяқ- киім, жаңбырдан қорғайтын жамылғы, жеке ыдыс, жәндіктерден қорғайтын құрал.

*Топтық-* тұрмыстық қалдық үшін қаптар.

*Арнайы-* дүрбілер, көзілдіріктер.

*Велосипед, велосипедтік қорғаныс жабдықтар (шлем, тізеқап, қолғаптар, шынтак таяныш), велосипедке арналған жөндеу жинағы (сорғы, кілттер).*

*Рұқсат беретін құжаттар-* бағыттық парақша + мемлекеттік және қорық қызметтеріне төлем туралы түбіртек, жеке куәлігі (паспорт).

#### **19. Бағытты абаттандыру:**

Аялдама орындарында велосипед тұрақтары қажет (10 орын). Бағыттың велосипедпен жүру бөлігінің бас жағында бағыттағы жүріс- тұрыс ережелері туралы ақпарат жазылған баннер орнату қажет, бұған қоса бағыттың карта-сызбасы. Аялдамаларда дәрі- дәрмек қобдишасы болу керек. Пішін бейнеленген құлаған ағаш сортаңға жақын орналасқан. Жабайы аңдарды үркітпес үшін пішінді ША-2 өртке қарсы түсе беріске орнын ауыстыру керек. ША-7 шолу алаңында орындық пен үстел орнату керек. Өту жағынан қиын жерлерді жайластыру керек (бұлақтармен өту жерлерінде).

#### **20. Батыс- Алтай мемлекеттік табиғи қорығы ғылыми- техникалық кеңесінің шешімі:**

03.07.2020 жылғы Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының №4 ғылыми-техникалық кеңесінің шешімі: Экспедициялық зерттеу есебінің негізінде «Обаның дөңгелеуі» бағыты бекітілсін.

Бағыт жоғары тұрған басқару органдырының келісімімен және жоспарланған маркілеу және абаттандыру жұмыстары жүргізілгеннен кейін қолданысқа рұқсат етіледі.

Бағыт Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының ғылым, мониторинг, экологиялық ағарту және туризм бөлімімен жасалды.

**Құрастырғандар:**

Техникалық сипаттамасы: А.Е.Мақаев, Д.О.Матков

Экскурсия материалының

мазмұны: А.Е.Мақаев, Д.О.Матков

Картографиялық материал: Д.О.Матков

**Батыс-Алтай қорығы мамандарының тұжырымы:**

Ғылым мен экологиялық ағарту

сұрақтары бойынша директордың

орынбасары

 Т.Н.Наговицын

*Табиғи кешендер мен нысандарды күзету қызметі бөлімі:* Бағытты пайдалану кезінде қорық қызметкерлерінің еріп жүруі міндетті.

ТКМНКҚ бөлімінің бастығы  С.М. Баянбаев

ОӨС бөлімінің бастығы  Т.Т.Айтымбетов


*Ғылым, мониторинг, экологиялық ағарту және туризм бөлімі:* бағыт үлкен эстетикалық тартымдылыққа ие, сонымен қатар ақпараттық қанықтық бар.

ҒМЭАЖТ бөлімінің бастығы  А.Е.Мақаев

Аға ғылыми қызметкер  Н.В. Премина

Экскурсия жетекшісі  Д.О.Матков

Соқпақты әзірлеуге және паспортты жасауға жауапты



21. Паспорт « 3 » 04 2020 жылы, 3 данада жасалды.



«Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» РММ директорының м.а.

 Л.Н.Винокурова